

**«Балдырған бөбекжай - балабақшасы»
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫРЫСЫ
№4 хаттама**

Өткізілген уақыты: 03.03.2025ж.

Тақырыбы: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылға 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен балабақшаны аттестаттау шеңберінде және «Балдырған» бөбекжай - балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Төрайымы: Рамазанова И.А.

Хатшы: Ульданова А.С.

Қатысқандар саны: 21

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен танысу.

2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес «Балдырған» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Рамазанова Индира Акановна сөз алды:

2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырып өтті. Бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес болып табылады. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын кемінде бес қызметкерден тұратын комиссия жүргізу ұсынылды. Әдіскер Каримова Салтанат Сатымхановна әдістемелік ұсынымға сәйкес, комиссия төрағасы болып балабақшаның меңгерушісі Рамазанова Индира Акановна ұсынды. Комиссия құрамына осы жұмыстардың жауапкершілігі жүктелген әдіскер Каримова Салтанат Сатымхановна, тәрбиеші Джауынбаева Ултуар Нусупхановна, Коголова Алмагуль Токтаровна, Ульданова Айгуль Санатовна, логопед Асылбекова Гулнұр Аманжолқызы, психолог Болат Гульнара Бейбітқызы ұсынылды. Педагогикалық кеңеске қатысушылар бірауыздан комиссия құрамына келісті.

Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

- 1)Рамазанова И.А. –комиссия төрайымы, балабақша меңгерушісі
- 2)Каримова С.С-Әдіскер, комиссия мүшесі
- 3)Асылбекова Г.А. – логопед, комиссия мүшесі
- 4)Болат Г.Б. – психолог, комиссия мүшесі
- 5)Джауынбаева У.Н-тәрбиеші, комиссия мүшесі
- 6)Ульданова А.С.- тәрбиеші, комиссия мүшесі
- 7)Когулова А.Т. - тәрбиеші, комиссия мүшесі

2025 жылдың сәуір айының «29» дейін комиссия мүшелері өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін, нәтижелері бойынша есеп берілсін.

Рамазанова И.А.

Хатшы *Швар*

Ульданова А.С.